

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕМЕСІ

АШИРБЕКОВА АЙНАГУЛ АБИЛДАБЕКОВНА

Педагог-зерттеуші, №13 А.Навои атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Шымкент/Қазақстан. e-mail: aynagul.ashirbekova@bk.ru

Андатпа. Мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ тілі пәнін интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолданып ұйымдастырудың тиімді әдістемесі қарастырылады. Мақсаты қазақ тілі пәнін жоспарлауда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып инновациялық технологияларды сабаққа енгізуге көмектесетін жаңашыл әдістерді ұсыну. Қазақ тілі пәнін заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқытудың көптеген жолдары бар. Әдіс «жол» дегенді білдіреді. Ол догматикалық, иллюстративті, эвристикалық болуы мүмкін. Қазақ тілі сабақтарында дамытушы ойындар зейінді шоғырландыру, есте сақтау, дұрыс сөйлеу, теңестіру дағдысы, салыстыру, сәйкестендіру, ұқсастығын анықтау, қиялдай алу, шығармашылық таныта білу, талдау, дұрыс шешім қабылдау дағдысы, оқу үдерісін мотивациялауды дамытуға бағытталады. Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісі тиімдірек болуы үшін ғұламаларымыздың ой-пікірлері мен даналық сөздерін, көзқарастарын пайдалана отырып, инновациялық-ақпараттық технологияларды қолдану керек. Бағалауда қолдануға тиімді интенсифици-интербелсенді әдістерден бірі «Assesment» әдісі. Бұл әдіс бағалау әдісінің ішінде тиімді әдіс ретінде қолданылады. Бұл әдісті сабақтың түрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Білім беру үдерісінде функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыруда пәнаралық интеграцияның маңызы зор. Әдіс-тәсілдер түрлендіре отырып қолдану арқылы да білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлай алатын, білімдерін өмірмен байланыстыратын тұлға етіп тәрбиелеуге болады. Сондықтан мұғалім әрбір әдіс-тәсілді таңдағанда оқушылардың жас ерекшеліктерін, қызғушылықтарын, білім деңгейін ескерген жөн.

Кілт сөздер: Қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесі, инновациялық әдістер, функционалды сауаттылық, пәнаралық байланыс, жаңартылған білім беру.

Кіріспе.

Қоғамымыз қарқынды дамып, оның экономикалық және саяси жағдайы күннен-күнге арта түсуде. Білім халқымыздың руханиятына шығармашылық белсенділік береді. Өскелең ұрпақтың барлық игі мүмкіншіліктері сонда көрініс тауып, олардың кәсібі мен біліктілігі үнемі жетілдіріліп, өткен ұрпақтың даналық тәжірибесі іске асырылып, жас ұрпаққа саналы түрде жеткізіліп келеді. Білім берудің жаңартылған бағдарламасы тәжірибеге еңгізген ғылыми негізделген білім

беру үлгісін жүзеге асыру оқу үдерісін заманауи технологиямен қаруландырумен тығыз байланысты. Ағартушы және дамыған елдерде сәтті қолданылып жатқан педагогикалық технологияларды зерттеп, халқымыздың ұлттық педагогикалық дәстүрлері мен білім берудің қазіргі жағдайына негізделген Қазақстанның ұлттық педагогикалық жаңа технологиясын жасау қажет. Еліміздің білім беру саласында қызмет атқаратын ғалымдар мен практиктер Қазақстанның әлеуметтік-педагогикалық шарттарына бейімделген ғылыми негізделген білім берудің заман талабына сай технологияларын жасап, енгізуге ұмтылуда. Педагогикалық инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу қажеттілігі:

Біріншіден, қоғамымызды дамыған елдер қатарына кіріп, жас ұрпаққа білім беру ісін жеделдетіп, тиімділігін арттыру.

Екіншіден, мұғалім жұмысы оқу үрдісін ұйымдастырушы ғана емес, беделді білім көзі ретінде де қарастырылады.

Үшіншіден, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы нәтижесінде ақпарат жедел өсіп, оны жастарға жеткізуге уақыт шектеулі.

Төртіншіден, адамзат қоғамы өзінің дамуының осы кезеңінде теориялық және эмпирикалық білімге негізделген ойлаудан нақты тұжырымдарға негізделген цифрлық ойлауға ауысады, оның тиімділігі артып келеді.

Бесіншіден, жас ұрпақты өмірге мінсіз дайындау талабы оларды тәрбиелеудің ең озық әдісі болып табылатын объективті болмысқа жүйелі көзқарас ұстанымын пайдалануды талап етеді.

Педагогикалық технологиялар дамыған мемлекеттердің барлығында дерлік тез таралып, бүгінгі таңда көптеген елдерде сәтті игерілуде. Заманауи оқыту технологияларының негізі білім алу үдерісі мен оның оң нәтижелілігін арттыру, тәрбиеленушілердің ұсынылған материалды нақты белгілінген уақытта жоспарланған оқу мақсаттарына қол жеткізуін басқару болып табылады.

Интербелсенді оқыту технологиясының пәні жүйені жобалаудан, білім беру жүйесінің тұжырымдамалық негіздерін дәлелдеуден, мақсат қоюдан, нәтижелерді тұжырымдаудан, оқу мазмұнын іріктеуден және құрылымданудан, оқу модульдерін таңдаудан, олардың оңтайлылық деңгейін бағалаудан тұрады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Педагогикалық инновациялық технологияларды сабақ үстінде тиімді пайдалануда оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, тақырыпқа сай таңдап қолданудың маңызы зор. Дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар педагогикада ғылыми негізін тапқан интерактивті оқыту әдістерін қолдану қажеттілігі туындады. Өйткені педагогикалық технологиялар білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі қатысушылары болып табылады, ал мұғалімдер (көсбасшылар) бірлесе отырып, оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар беріп отырады (Жақсылықбаева, 2017: 70).

Оқушылар терең және сапалы білім алуы, жоғары біліктілікті бәсекеге қабілетті маман болуы үшін тек қана негізгі оқу мазмұнын игеру, қайталау және

бекітудың өзімен шектелмеуі, керісінше алған теориялық білімдерін өздігінен дамытуы және жүйелеуі зор маңызға ие. Білім беру процесінде өзекті мәселелердің бірі оқушыларда сыни ойлау қабілетерін дамыту, меңгерген білімдерінен өзі таңдаған сала бойынша оңтайлы қолдана білу және жаңа ақпаратты дербес меңгере алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, олар жаңа білімдерін игеру барысында белсене қатысуына қол жеткізу керек. Қазіргі таңда көптеген инновациялық технологиялар, интербелсенді әдіс-тәсілдер бар. Олардың көмегімен білім беру мекемелерінде оқытылатын пәндерді оқытуда оқушылардың білім, білік, дағдыларының деңгейін анықтап, бағалауға болады. (Жақсылықбаева, 2002: 53). Бағалауда қолдануға тиімді интенсивті-интербелсенді әдістерден бірі «Ассесмент» («Assesment») әдісі.

Әдебиеттік шолу.

Педагогикалық технологияның қажетті оқыту құралдарын пайдалана отырып, белгілі бір жағдайларда білім алушыларға жүйелі әсер ету нәтижесінде оқушыларды қоғамдық қажетті және алдын ала белгіленген әлеуметтік қасиеттердің пайда болуын интенсивті түрде қалыптастыратын құбылыс ретінде анықтауға болады.

Білім беру технологиясы – білім беру үлгілерін оңтайландыру мақсатында оқыту мен оқу үдерісінде тұлғалық және цифрлық ресурстарды және олардың өзара әрекетін жасау, қолдану және анықтау жүйесі.

Оқыту үдерісі – нақты мақсаттарға негізделген анықталған білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынас жасау процесі. Бұл үдерісті жүйе ретінде алатын болсақ, оған мұғаліммен білім алушылардан басқа келесі құрамдас бөліктерді кіргізуге болады: оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелер, білім мазмұны, білім беру әдісі, оқыту формасы, оқыту құралдары, бақылау және бағалау. Жоғарыда аталған элементтердің барлығының оқу үдерісін ұйымдастырудағы маңыздылығы зор. Олардың кез келгені болмаса немесе дұрыс таңдалмаса, жүйе жұмыс жасамайды. Бұл оқу-тәрбие үдерісіне қойылған мақсаттың орындалмағанын көрсетеді (Әлімов, 2014: 27).

Оқу мақсаттары оқу үдерісінің соңында күтілетін нәтиженің жазбаша сипаттамасы. Тікелей оқыту үдерісі екі жақты: білім алушы мен білім берушіні қамтитыны белгілі.

Демек, педагогикалық инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану білім алушылардың белсенділігін арттыратын, білім берудің тиімділігін қамтамасыз ететін фактор қызметін атқарады. Расында да, қазіргі ақпараттандырылған қоғам оқытуды заман талабына сай технологиялық тұрғыдан жүйелі түрде жоспарлауды және ұйымдастыруды талап етеді (Жанпейсова, 2022: 85).

Педагогикалық технологияларды сабақ үдерісіне енгізу үшін ең заманауи оқыту құралдары, қажетті ресурстар, оқу және ғылыми зертханалар, қажетті дебиеттермен жабдықталған оқу залдары және жаңа кітапхана керек.

Инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалануды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету жаңартылды. Педагогикалық кадрларды даярлаудың ұлттық бағдарламасының талаптарын орындау мақсатында оқу әдебиетінің сұранысын қанағаттандыратын оқу-әдістемелік кешеннің жетілдірілген нұсқасы әзірленуде.

Нәтиже мен талдау.

Assesment»әдісі. Бұл әдіс бағалау әдісінің ішінде тиімді әдіс ретінде қолданылады. Техника шеберлік, білгірлік дегенді білдіреді. Сондықтан олар мұны соңғы тексеру ретінде қолданулары мүмкін.

Бағалау өзін-өзі тексеру, жетістік деңгейін анықтау, белгілі бір сынақтан өту ретінде сипатталады.

Әдістің мәні. Бұл әдісті білім алушылар пәндегі немесе бөлімдегі барлық тақырыптарды (тоқсан, семестр немесе оқу жылының соңында) немесе кез келген тақырып бойынша жаттықтырушы - мұғалім берген тапсырманы есте сақтау үшін қолданады. Өз көзқарасын өз бетінше білдіру, тапсырмаларға, сол арқылы олардың алған білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын өзін-өзі тексеруге және бағалауға және мұғалімнің қысқа уақыт ішінде барлық тыңдаушыларды бағалауына мүмкіндік береді.

Әдістің мақсаты: Білім алушылардың тақырыпты меңгеру деңгейін және тақырып бойынша негізгі ұғымдарды қолдану деңгейін анықтау, білім деңгейін өз бетінше бағалау. Сондай-ақ, олардың білімдерін бір жүйеге келтіруге үйрету.

Әдісті қолдану сатылары: Дәрістің барлық түрлерінде (сабақтың басында немесе соңында немесе пәннің кез келген бөлігінде) өтілген тақырыпты меңгеру деңгейін бағалау, қайталау, бекіту немесе аралық және қорытынды бақылауда. Сонымен қатар жаңа тақырыпты бастамас бұрын аудиторияның білімін тексеру, біліктілігін арттыруға келген тыңдаушылардың алғашқы білім, білік, дағдыларын анықтауда қолданған тиімді. Бұл әдісті оқыту барысында жекелей немесе жаттығу сессиясының бөлігі ретінде қолдануға болады. Бұл әдісті ой тапсырмасын беру үшін де пайдалануға болады.

Сабақтың көрнекілігі: Үлестірмелі ресурстар, (мүмкіндігінше білім алушылар дәптерлеріне кесте сызып, мұғалімнің берген тапсырмаларын тындап, кестенің ұяшықтарына жауаптарын толтыруы қажет); кестеге арналған тапсырмалар; қалам (немесе маркер); презентация – слайдтар және т.б.

Жаттығу кестесі:

– оқушылар жұмыс кестесімен, мақсаттарымен, критерийлерімен және ережелерімен таныстырылады;

– Үлестірмелі материалдарды мұғалім таратады немесе әңгімелейді, білім алушылар дәптерлеріне жазып алады;

– Оқушыларға берілген тақырып бойынша немесе жаңа мәтін бойынша үлестірме қағаздағы ұяшықтарда берілген тапсырмамен жеке таныстырылады (тапсырмаларды экрандағы слайдта көрсетуге болады, ал оқушылар өзжауаптарын үлестірмелі материалға немесе дәптерге жаза алады. Үлестірмелі материалда бір жағына тапсырмалар, екінші жағына жауаптар жазылуы мүмкін. (мұғалім аудиторояға байланысты өзіне және аудиторияға ыңғайлы жағдайда жұмыс істейді);

– Оқушылар үлестірмелі материалда берілген тапсырманы, тапсырмаларды (тақырыпқа, бөлімге немесе тақырыпқа байланысты болуы мүмкін) алған білімдеріне сүйене отырып жеке орындайды;

– Мұғалім берілген тапсырмаларға дұрыс жауаптарды, үлестірме қағаздағы тапсырмаларды мүмкіндігінше экранда слайд арқылы немесе ауызша айтып, әр ұяшықтағы жауаптардың бағалау критерийлерімен таныстырады;

– Әрбір тыңдаушы дұрыс жауап пен өзі анықтаған жауаптардың айырмашылығын бақылайды, қателерді анықтайды, өзін-өзі тексереді, бағалайды, білімін жүйелейді;

– Мұғалім білім алушылардың орындаған жұмыстарын жинайды және олардың жинаған ұпайларын немесе бағаларын топ журналына еңгізеді, орындалған жұмыстарын қорытындылайды.

Ескерту: Кестедегі ұяшықтардың саны мұғалімнің таңдаған оқу мақсаттары санына, тақырыбына немесе бөліміне байланысты. Кестеде, әрине, тақырып, бөлім, ғылыми және теориялық және практикалық дағдыларды тексеруге және бағалауға бағытталған сәйкес тапсырмалар немесе жаттығулар туралы ақпарат болуы қажет.

Төмендегі 1-кестеде оқу пәні бойынша берілетін тапсырма және жаттығуларға қойылатын талаптар таныстырылады.

1-кесте.

<p style="text-align: center;">Тест</p> <p>Өтілген тақырып (бөлім, курс) бойынша 1-2 тест беріледі.</p>	<p style="text-align: center;">Проблемалық жағдай</p> <p>Өтілген тақырып негізінде нақты өмірлік жағдай, үдеріске негізделген проблемалар беріледі, білім алушы болашақ маман ретінде оның дұрыс шешімін табуы керек. Сіздің әрекетіңіз...</p>
<p style="text-align: center;">Симптом</p> <p>Өтілген тақырып ғылыми-теориялық пікірлер, идеялар, сипаттамалар аяқталмаған пікір негізінде беріледі, мысалы: ...сипаттама беріңіз, ...ғылыми</p>	<p style="text-align: center;">Тәжірибелік дағды</p> <p>Өтілген тақырып мазмұнын өмірде күнделікті қолданудағы дағдыларға тиесілі тапсырмалар беріледі, мысалы: Сызыңыз, есептеңіз, толтырыңыз, табыңыз, салыстырыңыз...</p>

негізденіз ..., ашып беріңіз ...т. б.	
---------------------------------------	--

«Assesment» әдістемесі білім алушының жаңа тақырып бойынша алғашқыбілімін сабақтың басында қайталау, пысықтау немесе бүгінгі тақырып бойыншасабақтың соңында не үйренгенін бекіту үшін қолданылады. Білім алушылардың пән бойынша немесе аралық, ағымдағы және қорытынды бақылауларға қандайрейтингтік ұпайлар беру керектігін анықтауға болады.

ПСМЖ (пікір, себеп, мысалды жалтылау)

Әдістің сипаттамасы. Бұл әдісті даулы мәселелерді, пікірталастарды шешу үшін немесе семинарлардың соңында білім алушылардың сабақ және бөлімдер мен тараулардағы өтілген тақырыптар туралы не ойлайтынын білу үшін пайдаланған жөн. Оны кез келген бөлімді зерделеу, талқылау барысында қолдану арқылы табысты сабақ ұйымдастыру мүмкіншілігі бар. Өйткені бұл технология оқушылар мен тыңдаушыларға өз пікірлерін қорғауға, еркін және креативті ойлауға және өз ойын басқаларға ашық жеткізуге, оқушылардың білім алу процесінде меңгерген материалдарын қолдануға, талдауға жағдай жасайды. Білім алушылар бұнда дербес білім алу деңгейін, пікір алмасу мәдениетін бағалауға дағдыланады.

Әдістің мақсаты: Бұл әдіс оқушыларға берілген тақырып немесе мәтін туралы өз пікірлерін анық және ашық жеткізуге, оң немесе теріс пікір білдіруге мүмкіндік береді.

Жаттығу кестесі: Мұғалім әр білім алушыға ПСМЖ технологиясының төрт кадамымен бірге парақшаларды таратады және оларды жеке толтыра алады. Мұнда:

- П – өз пікіріңізді айтыңыз;
- М – мәлімдемеңіздің себебін көрсетіңіз;
- С – өз себебін дәлелдеу үшін мысал келтір;
- Ж – пікіріңізді қорытындылаңыз.
- Мұғалім оқушылармен тақырыпты (немесе мәселені) анықтайды;
- Жеке жұмыстың соңында оқушылар шағын топтарға бөлінеді және мұғалім шағын топтарға ПСМЖ технологиясының шағын кадамдары бар А1 форматы қағаздарды таратады;
- Шағын топтың әрбір мүшесі берілген үлестірмелі материалдарда жеке жазылған идеялар мен дәлелдерді үлкен форматта қорытындылай отырып, төрт кадаммен жазу ұсынылады;
- Мұғалім әр топқа аудиторияда өз идеяларын қорғауды ұсынады;
- Сабақ оқытушының берілген мәселеге қатысты пікірінің қысқаша мазмұнымен бекітіледі.


«Синквейн» әдісі. Cinqufoil – ақпаратты жинақтау, қорытындылау, күрделі ойларды, сезімдерді және қиялдарды бірнеше сөзбен жеткізу өнері. Ол бай білім көзіне егізделген және жан-жақты ойластырылған ерікті қажет етеді.

Синквейн – қысқа сөйлемдердегі ақпарат пен материалдың жинақтауын талап етеді. Бұл кез келген себеппен немесе еріксіз түсініктеме беруге мүмкіншілік бере алады (Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М, 2011: 103).

Синквейн сөзі француз тілінен «бес» деген мағынаны береді. Демек, синквэй – бес жолды өлең. Алдымен оқушылар синхронды жазу әдісімен танысады.

Синквейнді жазу талаптары мынадай:

1. Бірінші жолда тақырып бір сөзбен беріледі, көбінесе атпен.
2. Екінші жолда – тақырыпты екі сөзбен (екі сын есіммен) сипаттау ұсынылады.
3. Үшінші жол – тақырыптың үш сөзден құралған іс-әрекетінің сипаттамасы.
4. Төртінші жолға берілген тақырыпты сипаттайтын төрт сөзден тұратын сөйлем жазу керек.
5. Соңғы жол – бес сөзден тұратын және тақырыптың мәнін қайталайтын синонимдер.



1-сызба. Етістік сөзіне «Синквейн» сызбасы

Мен есепті талдау, толтыру, сипаттау, тыңдау, аяқтау тәрізді сөздерден алшақ болуды қолдаймын. Бұл әрекет немесе міндеттердің характеристикасы. Бұл үйренудің мақсаты емес. Олар міндеттерді жоспарлау үшін жауап береді. Бұл білім берудің мақсаттары емес. Олар мақсатты белгілеу үшін емес, сабақты жоспарлау үшін жауап береді.

Мен түсіну, тәжірибе, үйрену сияқты сөздерді қолданбауға тырысамын. Білім беру өнімділігін бағалау үшін олар нақты емес. Бұдан басқа, осы сөздер оқу үдерісінде оқушылар алған білімдерді анықтауға көмектесе алмайды. Осы сөздер мақсаттармен тәжірибені бағалау үшін мінсіз болуы мүмкін, бірақ менің

мақсатым мақсаттармен тәжірибеге жету жолдарын көрсететін білім беру нәтижелерін анықтау.

«Тұжырымдаманы талдау» әдісі. Әдістің негізгі мәні: Бұл әдіс мұғалімнің кез келген тақырып бойынша берген түсініктеріне қарамастан өткен пәннің (бөлім, тоқсан, семестр, оқу жылы) немесе бөлімнің барлық тақырыптарын білім алушыларға есте сақтауға мүмкіндік береді. Ол кері байланыс беруге бағытталған, осылайша мұғалімге өткен сабақты бағалауға, талдауға мүмкіндік береді (Жарықбаев Қ, 2016: 28).

Әдістің мақсаты: Білім алушылардың тақырыпты және тақырып бойынша негізгі ұғымдарды меңгеру деңгейін анықтауға, өз білімін өз бетінше жеткізе білуге, білім деңгейін бағалай білуге, жеке, жұп пен және топпен жұмыс жасауға, сыныптастарының пікірін құрметтеуге, өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру, сонымен қатар білімдерін жүйелеуге үйрету.

Әдісті қолдану: сабақтың барлық кезеңінде (сабақтың басында немесе ортасында, немесе пәннің кез келген бөлігінің соңында) тақырыпты меңгеру деңгейін бағалау, псықтау, қайталау, бекіту немесе аралық және қорытынды бағалау; өткен тақырыптарды жүйелеу үшін қайталау, жаңа тақырыпты бастамас бұрын оқушылардың білімін тексеруге арналған. Бұл әдісті жеке, шағын топтарда немесе топ ретінде сессия кезінде немесе сессияның бөлігі ретінде ұйымдастыруға болады. Бұл әдісті үй тапсырмасын орындауда да қолданса оң нәтижеге жетуге болады.

Сабақта барысында қолданылатын ресурстар: үлестірмелі материалдар, негізгі ұғымдар тізімі, қалам (немесе қарандаш,) слайд.

Ескерту: жоспарланған тақырып негізінде және мұғалімнің алға қойған мақсатына сәйкес дайындалған үлестірмелі материалдар (тексеру, бекіту, формативті бағалау) (егер топтағы оқушылардың санына сай жекелей өткізу жоспарланса, үлестірмелі материалдар дайындау қажет).

Оқыту тәртібі:

- Білім алушылар топтарға бөлінеді;
- Оқушылар сабақтың оқу мақсаттары, бағалау критерийлерімен таныстырылады;
- Топ мүшелеріне дайын ресурстар, үлестірмелі материалдар таратылады.
- Білім алушылар жеке тақырып немесе жаңа тақырып бойынша үлестірме материалда берілген ұғымдармен танысады;
- Оқушылар ресурстарда, үлестірмелі материалдарда берілген ұғымдардың қасына алған білімдеріне (немесе берілген ұғымдарды қалай түсінгеніне) байланысты пікірлерін (жеке) жазады;
- Мұғалім көсбасшы ретінде үлестірмелі материалда берілген ұғымдарды оқиды және топпен бірлесе отырып, әр ұғымның дұрыс сипаттамасын белгілейді немесе слайд арқылы экранда әр ұғымның түсіндірмесі көрсетеді;

– Әр оқушы дұрыс жауаптардың айырмашылығын анықтайды, қажетті өзгерістерді еңгізеді, толықтырады, өзін-өзі тексереді, бағалайды, сонымен қатар білімін тағы бір рет жүйелейді.

Ескертпе: «Тұжырымдаманы талдау» әдісін ассоциация немесе білім тізбегі түрінде де ұйымдастыруға болады.

«Тұжырымдаманы талдау» әдісін сабақтың басында оқушылардың жаңа тақырып бойынша алдыңғы білімдерін тексеруге, қандай түсініктерді игергенін анықтауға, бүгінгі тақырып бойынша не үйренгенін сабақ соңында қайталауға, бекітуге немесе анықтауға да қолданған тиімді.

Төмендегі 2-кестеде сабақта қолданылатын үлестірме материалдың мысалы келтіріледі.

2-кесте.

Түсініктер	Сипаттамасы
Зат есім	
Сын есім	
Етістік	
Шылау	
Одағай	
Есімше	

Қорытынды және ұсыныстар.

Қорыта келе, инновациялық технология дамыған заманда білім алушылар игеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі, сапасы күннен-күнге артып, мазмұны жаңғырып тұрғаны көпшілікке мәлім. Демек, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыра отырып, оқытудың жаңашыл, озық әрі тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру жұмыстарын қарқынды жүргізу міндеттері қойылуда.

Зерттеу жұмысының жүргізу барысында жалпы білім беретін орта мектептерде оң нәтижелі сабақтар қол жеткізу үшін оқу-тәрбие үдерісі технологияландырылып, нәтижесінде білім алушылардың сабақ үстінде танымдық белсенділігін арттыратын, өз бетінше ізденуге, пікірталасқа түсуге ынталадыратын, сабақ уақытын тиімді әрі ұтымды пайдалануға жетелеп, осының есебінен оқушылардың барлығын дерлік бағалауды мүмкін ететін технологиялық әзірлемелер, соның ішінде АКТ – да жүйелі қолданылатын құралға айналуы керек деген қортындыға келдік.

Қазақ тілі пәнін инновациялық технологиямен оқытуда жеке, жұптық және топтық тапсырмалар білім алушылардың топпен және өздігінен жұмыс жасау қабілетін жетілдіретіндей етіп ұйымдастырудың жолдары таңдалды. Оларға жаттығуларды дербес орындау, проблемалық сұрақтарды шешуі,

оқулықпен жұмыс жасау, сабақ үстінде ойсергектер ұйымдастыру, сабақты түрлі әдіс-тәсілдер бойынша орындаулары т.б. жатады.

Бұрынғы дәстүрлі технология бойынша оқушы тек тыңдаушы, орындаушы ролінде қызмет атқарған болса, заманауи технологияларды қолдану нәтижесінде оқушылар жаңа тақырыптың мазмұнын өз бетінше ашып, оны талдап, бір-біріне түсіндіре біледі. Әрбір сабақты жоғарыда үлгі ретінде келтірілген заманауи әдіс-тәсілдерді түрлендіре отыра жоспарласақ білім алушыларымыз пәнді терең меңгеріп, функционалды сауатты тұлға болып қалыптасады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Әлімов А. (2014). Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орнында қолдану. – Алматы. – 27 б.

Жанпейісова М. (2002). Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. /Аударған Д.А.Қайшыбекова/. – Алматы. – 180 б.

Жақсылықбаева Р. (2017). Педагог пен білімгер қарым-қатынасындағы этикалық принциптер // «Ұлттық бақ пен ұлттық білім беру жүйесіндегі сыни көзқарас мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар-тренинг материалдары, 10-/15 маусым, 2017. – 71 б.

Жарықбаев Қ. (2016). Оқушылардың ойлау жүйесінің ерекшеліктері // «Мектептегі психология» журналы. – №10(100). – 35 б.

Завражин А.В. (2015). SMART как ключевое направления научно-технического процесса. SMART: содержание и особенности проникновения в современное общество: монография. – Москва: МЭСИ. – 160 с.

Кеңесбаев С.М. (2004). Білімді ақпараттандыру // Бастауыш мектеп, №7, 2004, 11-14 б.

Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М. (2011). Оқытудың жаңа технологиялары. Алматы (2-басылым). – 149 б.

Мұтанов Ғ. (2013). Білім. Ғылым. Инновациялар. – Алматы: Қазақ университеті. – 3 б.

Назарбаев Н. (2006). Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр.

Цифровая грамотность // <http://xn--80aaefw2ahcfbneslds6a8jyb.xn--p1ai/library/28/> (қаралған уақыты: 15.05.2022).

References

Alimov A. (2014). Interbelsendi adisterdi zhogari oku orninda koldanu [Use of interactive methods in higher education]. Almaty. P. 27.

Janpeyisova M. (2002). Modul'dik oqytu tehnologiasy oquşyny damytu qūraly retnde [Muduldyk as a tool for the development of educational technology]. Translate D.A.Qaişybekova. Almaty. P.180.

Jaqsylыqbaeva R. (2017). Pedagog pen bilimger qarym-qatynasyndaǵy etikalyq prinsipter [Ethical principles in the relationship between educator and educator]. «Ulttyq baq pen ulttyq bilim beru júiesindegi sini kózqaras máseleler» atty halyqaralyq ǵylymi-ádistemelik seminar-treniń materialdary, 10-/15 mausym, 2017. P. 71.

Jaryqbaev Q. (2016). Oqushylardyń oilau júiesiniń erekselikteri [Features of the family system of students]. «Mekteptegi psihologia» jurnalы. 2016. №10(100). P.35.

Zavrajin A.V. (2015). SMART kak klúchevoe napravlenia nauchno-tehnicheskogo prosesa. SMART: soderjanie i osobenosti proniknovenia v sovremennoe obşestvo: monografia [SMART as a key to the scientific and technical process. SMART: content and features of proniknovenia in modern society: monograph]. Moskva: MESÍ. P.160.

Keńesbaev S.M. Bilimdi aqparattandyru [Knowledge informatization]. Bastauys mektep, №7, 2004, P.11-14.

Qabdyqaiyrúly Q., Monahov V.M. (2011). Oqytudyń jańa tehnologialary [New technologies of education]. Almaty (2-basylym). P.149.

Mutanov Ğ. (2013). Bilim. Ğylym. Innovasialar. [Knowledge. Science. Innovations]. Almaty: Qazaq university. P. 3.

Nazarbaev N. (2006). Innovasialar men oqu-bilimdi jetildiru arqyly bilim ekonomikasyna [Innovations and the development of knowledge through the development of knowledge]. Egemen Qazaqstan, 2006, 27 mamyr.

Tsifravaya gramotnost [digital literacy]. <http://xn--80aaefw2ahcfbneslds6a8jyb.xn--p1ai/library/28/> (Date of base: 15.05.2022).

АШИРБЕКОВА АЙНАГУЛ АБИЛДАБЕКОВНА

Педагог-исследователь, учитель казахского языка и литературы
Средняя общеобразовательная школа №13 имени А.Навои
Шымкент/Казахстан, e-mail: aynagul.ashirbekova@bk.ru

Эффективный метод организации уроков казахского языка в обновленной образовательной программе

Аннотация. В статье представлена эффективная методика организации предмета казахский язык с помощью интерактивных методов в обновленной образовательной программе. Наша цель – предложить инновационные методики, помогающие внедрять инновационные технологии в планирование казахского языка с учетом возрастных особенностей учащихся. Существует множество способов преподавания казахского языка с использованием современных методик. Метод означает «путь». Оно может быть догматическим, иллюстративным, эвристическим. Развивающие игры на уроках казахского языка направлены на развитие навыков концентрации внимания, памяти, правильной речи, равновесия, сравнения, идентификации, воображения, творчества, анализа, принятия решений, мотивации учебного процесса. Чтобы сделать процесс обучения и воспитания студентов более эффективным, необходимо использовать

инновационные информационные технологии, используя идеи и слова мудрости наших ученых. Одним из наиболее эффективных интерактивных методов оценки является метод оценки. Этот метод используется как эффективный метод в рамках метода оценки. Этот метод можно использовать на разных этапах урока. Междисциплинарная интеграция играет важную роль в формировании функционально грамотной личности в образовательном процессе. Используя различные методы, учащиеся также можно научить критически мыслить и соотносить свои знания с жизнью. Поэтому педагог должен учитывать возраст, интересы и уровень знаний учащихся при выборе каждого метода.

Ключевые слова: Методика обучения казахскому языку, инновационные методики, функциональная грамотность, междисциплинарная связь, модернизированное образование.

Ashirbekova Ainagul Abildabekovna

Researcher teacher, Teacher of the Kazakh Language and Literature at Navoi Secondary School No.13, Shymkent/ Kazakhstan, e-mail: aynagul.ashirbekova@bk.ru

An effective method of organizing the lessons of the Kazakh language in the updated educational program

Аннотация. The article provides an effective method of organizing the subject of the Kazakh language using interactive methods in the updated educational program. Our goal is to offer innovative methods that help to introduce innovative technologies in the planning of the Kazakh language, taking into account the age characteristics of students. There are many ways to teach the Kazakh language using modern methods. The method means "path". It can be dogmatic, illustrative, heuristic. Developmental games in Kazakh language lessons are aimed at developing the skills of concentration, memory, correct speech, balance, comparison, identification, imagination, creativity, analysis, decision-making, motivation of the learning process. In order to make the process of teaching and educating students more effective, it is necessary to use innovative information technologies, using the ideas and words of wisdom of our scholars. One of the most effective interactive methods to use in assessment is the Assessment method. This method is used as an effective method within the evaluation method. This method can be used at different stages of the lesson. Interdisciplinary integration plays an important role in the formation of a functionally literate person in the educational process. By using a variety of methods, students can also be trained to think critically and relate their knowledge to life. Therefore, the teacher should take into account the age, interests and level of knowledge of students when choosing each method.

Keywords: Methods of teaching the Kazakh language, innovative methods, functional literacy, interdisciplinary communication, modernized education.